

MAIN  
*Multilingual Assessment Instrument  
for Narratives*

N. Gagarina, D. Klop, S. Kunnari,  
K. Tantele, T. Välimaa,  
U. Bohnacker & J. Walters

**Kazakh version**

Translated and adapted by  
Amirkul Amanov & Aimgul Kazkenova  
(based on the revised version in English)

© ZAS Papers in Linguistics 64 (2020)

**How to cite this version:**

Gagarina, N., Klop, D., Kunnari, S., Tantele, K., Välimaa, T., Bohnacker, U. & Walters, J. (2019). MAIN: Multilingual Assessment Instrument for Narratives – Revised. Materials for use. *ZAS Papers in Linguistics*, 63. Kazakh version. Translated and adapted by Amanov, A. & Kazkenova, A.

## MAIN: Kazakh version

### Қазақ тіліне бейімделген нұсқасы – Көптілді балалардың Нарративтік дағдыларын анықтауға арналған Тест

Аманов Амиркул & Казкенова Аимгуль (Amirkul Amanov & Aimgul Kazkenova)

Көптілді балалардың Нарративтік дағдыларын анықтауға арналған Тест (КНТ) туылғаннан, мектепке дейінгі жастан бастап бір немесе бірнеше тілдерді меңгерген балалардың әңгімелеу және пайымдау дағдыларының даму деңгейін бағалау мақсатымен 2012 жылы дайындалған. КНТ негізінен 3-тен 10 жасқа дейінгі балаларды диагностикалауға арналған, бірақ ең соңғы зерттеулер нәтижесінде бұл тестті үлкен балаларды, жасөспірімдерді және ересектерді зерттеуде қолдануға болатындығы анықталды. Оның құрылымы баланың бірнеше тілде мәтінді түсіну және құрастыру барысын әртүрлі режимде: үлгілік әңгімелеу, қайта әңгімелеу және әңгімелеуін бағалауға жәрдем береді. КНТ-нің 2012 жылғы нұсқасы 3-тен 10 жасқа дейінгі 500-ден астам бір тілді және екі тілді балалармен 15 түрлі тілдер мен тілдік тіркестерге арналған кең көлемді сынақ негізінде әзірленді.

2019 жылы ағылшын тіліндегі нұсқасы 2500-нан астам транскрипцияланған КНТ мәтіндерінің, сондай-ақ 2013-2019 жылдар аралығында Германия, Ресей және Швециядағы 700-ге жуық бір тілді және екі тілді балалардан жиналған КНТ мәтіндеріндегі сұрақтардың 24000 жауабы негізінде қайта қаралды. Осы сіздің тіліңіздегі нұсқасы 2019 жылдың соңғы ағылшын нұсқасына негізделген.

КНТ төрт параллель әңгімеден құралған және олардың әрқайсысы көпөлшемді моделге негізделген, мұқият ойластырылған алты суреттен тұратын дәйектілікпен жасалған. Әңгімелердің когнитивті және тілдік күрделілігі, макроқұрылымдағы және микроқұрылымдағы параллелизм, сондай-ақ мәдени сәйкестік пен тұрақтылығы бақыланады.

КНТ әлі нормаланбаған болса да, оның стандартталған процедураларын бағалау, араласу және зерттеу мақсаттарында қолдануға болады. КНТ-і пайдалану туралы толығырақ ақпарат алу үшін *ZAS Papers in Linguistics* 63 (2019, pp. iv-xii) бөліміндегі «Background on MAIN – Revised, how to use it and adapt it to other languages [КНТ туралы жалпы ақпарат. Қайта қаралым, оны пайдалану және басқа тілдерге бейімдеу әдісі] (ағылшын тілінде жазылған)»-не жүгіне аласыз. Толығырақ ақпарат алу үшін: <https://zaspil.leibniz-zas.de/issue/view/53>.

Бұл құжатта:

- сынақ процедурасының сипаттамасы,
- сынақ есептері мен жауап парақтары: «Мысық», «Ит», «Балапандар», «Лақтар»,
- ата-аналар үшін сауалнама,
- әңгімелер мәтіні бар.

## Сынақ процедурасының сипаттамасы

КНТ негізінен шамамен 3 жастан 10 жасқа дейінгі балаларға арналған, бірақ оны ересек балаларды, жасөспірімдерді және ересектерді зерттеуде қолдануға болады. Тест экспрессивті сөйлеудің даму деңгейін анықтаумен бірге, әңгіменің мәнін түсіну деңгейін бағалау үшін де пайдаланылуы мүмкін. Тест монологты әңгімені жинауға арналған 3 тапсырмадан тұрады. Солардың біреуі сынаққа қатысушыға ұсынылады: суреттерден әңгіме жасау, еркін әңгімелеу, үлгі бойынша әңгімелеу. Сынақшы кез-келген тапсырманы зерттеу / тестілеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес өз қалауы бойынша пайдалана алады.

КНТ баланың бірнеше тілдегі нарративтік дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді. Тестілеуді бала сөйлейтін тілдердің кез-келгенінде бастауға болады. Екі тілде сөйлейтін балалар үшін бірінші және екінші тілдерді 4-7 күн аралықта сынақтан өткізуді ұсынамыз (ауызекі интерференцияның әсерін, сондай-ақ сол тапсырма барысында орын алатын «оқу» және «аударым» әсерлерін азайту үшін). Тілдік кодты ауыстыру құбылысын (code-switching) азайту және біртүрлі ортаны құру мақсатында тестілеуді екі түрлі сынақшы (мүмкіндігінше) орындауы керек.


### Материалдар:

- 4 сурет тізбегі: «Балапандар», «Лақтар», «Мысық» және «Ит»; (әр сюжеттің үш данасы (түсті қағазда), әр данасы бөлек конвертте: барлығы 12 бөлек конверттер);
- 4 оқиға / ынталандыру мәтіні: «Балапандар», «Лақтар», «Мысық» және «Ит»;
- Жазу жабдығы (аудио немесе видео);
- макроқұрылымды талдауға арналған хаттамалар, психикалық күйдің сипаттамасы және әңгімені түсінуге арналған сұрақтар;
- Ата-аналарға арналған сұрақтар.

### Сынақ хаттамасы

#### Материалдарды қалай дайындауға болады

1. [www.leibniz-zas.de/en/service-transfer/main](http://www.leibniz-zas.de/en/service-transfer/main) сайтындағы суреттер сериясын жүктеп алыңыз;
2. PDF пішініндегі құжатты (әр суреттер сериясын) 3 рет А4 пішінінде басып шығарыңыз;
3. суреттерді арт жағынан нөмірлеп шығыңыз (1-6);
4. Суреттерді ортасынан екіге кесіңіз, олардың әрқайсысында 3 сурет (1-3, 4-6) болатын екі таспаны алу үшін;
5. екі таспаны төмендегі суретте көрсетілгендей бір-біріне жалғаңыз және таспаны екі рет бүктеңіз (сурет 1+2, бүктеу сызығы, 2+3 сурет, бүктеу сызығы, сурет 5+6); Бүктеу сызығы көрініп қалатын және кішкентай суреттерді пайдаланбауыңызды өтінеміз.



6. Әрбір таспаны 6 дәйекті суреттерді түсі немесе басқа ерекшелік белгісі бар (мысалы, нүктелер) бөлек конверттерге салыңыз. 3 бірдей әңгімелердің қай конвертте екендігін ескеріңіз (мысалы, әртүрлі түсті немесе ерекше таңбалы конверттерді пайдалана отырып).

## Тестілеу барысы

- Сынақ хаттамаларымен мұқият танысқаныңызды тексеріңіз;
- Мынақ барысын жазу үшін дыбыс жазу құрылғысын (диктофонды) дайындаңыз. Дайындық бөлімінен бастап жазуды бастаңыз;
- Дайындық бөлімінде сұрақтар қою арқылы сіз сынақ жүргізіліп отырған әлеуметтік және мәдени орталардың сипаттамалары туралы біліміңізге және тәжірибеңізді қолдана аласыз. Дайындық бөлімінің мақсаты баламен байланыс орнату және баланың қарапайым сұрақтарды түсінетіндігіне көз жеткізу.
- Сынақ басталардан бұрын үш конвертте бірдей әңгіменің бар екеніне көз жеткізіңіз. (Әңгімелерді мұндай түрде көрсетудің мақсаты – балаға сынаушы конвертте қай әңгіменің бар екендігін білмейтінін дәлелдеу, демек эксперимент кезінде «бірлескен бақылау» әсерінің бұзылмауын қадағалау).
- Тестілеу сынақ хаттамаларына сәйкес жүргізілуі тиіс. Тек ұсынылған кеңестерді пайдалануыңызды өтінеміз («кеңестер» тармағын қараңыз).
- Сынақ туралы қосымша ақпарат: Тестілеу кезінде балаға қарама-қарсы отыруыңыз керек. Бала 6 суреттен тұратын таспаны қолына алғаннан кейін, оны ашып барлық суреттерді мұқият көріп шығуын өтініңіз. Мынадай нұсқау беріңіз: *«Барлық суреттерді қарап шық, бірақ оларды маған көрсетпе. Суреттерді тек саған ғана көруге болады»*. Егер бала суреттерді өзі ашпаса немесе ұстап тұра алмаса, оған көмектесіңіз. Суреттер балаға қарап тұруы керек.
- Бала барлық суреттерді қарап шығып, әңгімеге дайын болған кезде, суреттерді қайта бүктеуге көмектесіңіз. Балаға әңгімені алғашқы екі суреттен айта бастауына болатындығын айтыңыз. Бала 1 және 2-ші суреттерге байланысты әңгімесін аяқтаған кезде келесі суреттерді ашуына жәрдемдесіңіз (1-4 суреттер балаға көрінетіндей болсын). Бала 3-4 суреттерге қатысты әңгімесін аяқтағаннан кейін, оған 5 және 6 суреттерді ашуға көмектесіңіз, енді барлық оқиға толығымен көрінуі тиіс, яғни 1-6 суреттер.
- Бала әңгімесін аяқтағаннан кейін, оған: *«Ал енді осы әңгіме туралы бірнеше сұрақ қоямын»*, – деңіз.
- Сынақ аяқтағаннан кейін, әңгімелерді транскрипциялаңыз, ақпараттарды тиісті жауап парақтарына – хаттамаларға жазып алыңыз және талдаңыз.
- Сынақ барысында алынған жауап нұсқалары хаттамада ұсынылғандарынан өзгеше болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз. Бала әңгіме құрылымының қандай да бір құрамдас бөлігін (мақсат, әрекет, нәтиже, ішкі құрылымының сипаттамасы) хаттамадағыдан өзгеше түрде білдірсе, ұпай алады. Қосымшада жорамалданған жауаптардың кең тізімі берілген.

## Кеңестер

1. Баланың әңгімесін: *«Өтініш, маған әңгіме айтып берші»*, – деп, әңгіме айтып бастауын сұраңыз. Балаға әңгімені бастауына көмектеспейсіз / оның орнына әңгімені айтып бастамаңыз.
2. Кеңестерді бала әңгіме айтуды тоқтатып, мүлдем ештеңе айтпаса және 10 секундтық үзілістен кейін ғана қолданыңыз. Алдымен «Өте жақсы», «Баста» деп айта аласыз. Сынақ рәсімдерінің арасындағы айырмашылықтарды болдырмау үшін кеңестерді қолданарда өте сақ болыңыз. Егер бала шамамен 10 секунд бойы үндемей қалса, *«Бұл суреттердегі оқиғада не болады?»* – деп сұраңыз. Егер бала әңгіменің ортасында үндемей қалса, оған басқа жетекші сұрақтар қою арқылы әңгімені жалғастыруына жәрдемдесіңіз: *«Әрі қарай»*, *«Жалғастыр»*, *«Басқа да нәрселерді айтшы»*, *«Әңгіменің жалғасында не болуы мүмкін?»*.
3. Бала әңгімедегі кейіпкерлерді қалай атайтындығы маңызды емес, соның үшін бала әңгімесін айтып жатқан кезде оны түзетпейсіз. Егер бала әрекеттердің мағынасын, әңгіменің басты кейіпкерлерінің атын және т.б. жеткізу/түсіндіру үшін сөз таба алмаса және сіз ол көмекке мұқтаж деп ойласаңыз, оған: *«Сен бұл*

кейіпкерді өзіңіздің қалауыңызша атауыңызға болады. Ал сен бұны (бұл кейіпкерді) қалай атайтын едің?» – деп жәрдемдесуіңізге болады.

4. Келесі сұрақтарды қоядан аулақ болыңыз:

а) «Мұнда ол не істеп жатыр?», «Кім жүгіріп жүр?»

б) «Бұл кім/не?» «Суретте кімді/нені көріп тұрсың?»

(Баланың баяндауын бұзбау/әсер етпеу, аяқталмаған сөйлемдердің қолданылуына жол бермеу және дейктикалық сілтемелерден аулақ болу үшін)

5. Бала өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, мысалы, «Мен мұндай құсты таңертең көрдім» немесе «Мен анаммен бірге мектептен кейін супермаркетке барамын», – деп әңгімені айтуды бастаса, оған өз тәжірибесі туралы толық айтып бітуіне мүмкіндік беріңіз, содан кейін ғана суреттерге қарай отырып әңгімесін бастауын сұраңыз. (Өз тәжірибесінің сипаттамасын талдауға қосылмайды).

6. Суреттердің әр жұпынан кейін және жаңа жұп суреттер ашылғанға дейін сіз баланы мақтап, «Жақсы!», «Өте керемет!» деген сөздермен қуанта (көтермелей) аласыз. Егер сіз баланың әңгімесіне кедергі келтіріп отырғаныңызды сезсеңіз, оны мақтаудың қажеті жоқ.

### Әңгімелердің нәтижелерін қалай салыстыруға болады (болмайды)

- Екі тілде сөйлейтін баланы екі тілде тестілеу кезінде «Мысық» және / немесе «Ит» әңгімесін бір тілде, ал «Балапандар» және / немесе «Кішкентай ешкілер» әңгімесін басқа тілде қолдануға болмайды.
- Сондай-ақ, бір сынақ кезінде «Мысық» және / немесе «Ит» әңгімелерін қолданудан және де оларды басқа сынақ уақытында «Балапандар» және / немесе «Кішкентай ешкілер» әңгімелерімен салыстырудан аулақ болыңыз.
- Неліктен? КНТ (MAIN) оқиғаларын барлық жағынан тікелей салыстыруға болмайды. Соңғы нәтижелер көрсеткендей, осы төрт оқиғаны бір-бірінен ерекшелетін кейбір жерлер бар, әсіресе түсіну сұрақтарына қатысты. «Балапандар» мен «Ешкілер» шамамен параллельді; «Мысық» пен «Ит» де параллельді, бірақ олар «Балапандар» мен «Ешкі» әңгімелерінен кейбір параметрлерімен, мысалы, сюжеттік желісімен, кейіпкерлерінің санымен және кейбір түсіну мәселелерімен ерекшеленеді. Сондықтан тікелей салыстыруға келмейтін нәрсені салыстырып жатпағандығыңызға көз жеткізіңіз.
- КНТ (MAIN) көмегімен балалар тобын тестілеу кезінде оқиғаның элицитивті әсерін жою және / немесе азайту үшін оқиғалардың сәйкес рандомды тәртібін қолданғаныңызға көз жеткізіңіз.

### Зерттеу мақсатындағы эксперимент үшін мүмкін болған әңгімелер тәртібі

Суреттерді ұсыну тәртібі («Мысық»/ «Ит» – қайта әңгімелеу және «Балапандар» / «Лақтар» – әңгіме) болуы тиіс. Келесі әңгіме тәртібін пайдаланыңыз. Егер тек бір тіл тексерілсе, онда №1, 2, 5 және 6 немесе № 3, 4, 7 және 8-де көрсетілген тәртіптегі әңгімелерді пайдаланыңыз.

Баланың №	Тіл	Қайта әңгімелеу	Әңгімелеу	тіл	Қайта әңгімелеу	Әңгімелеу
1	L1	Мысық	Балапандар	L2	Ит	Лақтар
2	L1	Мысық	Лақтар	L2	Ит	Балапандар
3	L2	Мысық	Лақтар	L1	Ит	Балапандар
4	L2	Мысық	Балапандар	L1	Ит	Лақтар
5	L1	Ит	Балапандар	L2	Мысық	Лақтар
6	L1	Ит	Лақтар	L2	Мысық	Балапандар
7	L2	Ит	Лақтар	L1	Мысық	Балапандар
8	L2	Ит	Балапандар	L1	Мысық	Лақтар

L1 – үйде сөйлейтін бірінші тіл, L2 – екінші тіл, мектепте, балабақшада сөйлейтін тіл

## «Мысық» әңгімесі үшін хаттама

Әңгімелеу / Қайта әңгімелеу / әңгіменің үлгісі

Баланың аты: \_\_\_\_\_  
Туған күні: \_\_\_\_\_  
Тестілеу күні: \_\_\_\_\_  
Сынақ күніндегі жасы: \_\_\_\_\_  
Жынысы: \_\_\_\_\_  
Тәжірибешінің аты: \_\_\_\_\_  
Екінші тілмен байланысу ұзақтығы (аймен): \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне түскен күні: \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің атауы: \_\_\_\_\_

Барлық материалдарды алдын ала дайындаңыз: диктофон және суреттер бар конверттер. Олардың тестілеу алдында үстелде тұрғанына көз жеткізіңіз. Тәжірибенің дайындық бөлімінен бастап диктофонға жазуды бастаңыз.

### Сергіту сәті – дайындық бөлімі

Баламен байланыс орнату мақсатында онымен әртүрлі тақырыптарда әңгімелесіңіз: мысалы, *Сенің ең жақын досың кім? Сен теледидардан не көруді ұнатасың? Саған әңгіме айту ұнай ма? Әртүрлі әңгімелерді тыңдағанды ұнатасың ба?*

### Нұсқаулар

#### Әңгімелеу барысына арналған нұсқаулық

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»,* – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын. Содан соң: *«Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Бірақ оларды маған көрсетпе. Тек қана сенің көруіңе болады. Дайынсың ба?»*, – дей аласыз.

Суреттерді балаға қаратып қойыңыз, және алғашқы екі сурет тек балаға көрінетіндей болсын. Балаға: *«Ал енді сен маған бір әңгіме айтып бергеніңді қалаймын. Осы суретке қарап, ойыңа келген ең жақсы оқиғаны (әңгімені) айтып берші»,* – деп айтыңыз. Егер бала әңгіме айтқысы келмесе, оған: *«Маған суреттегі оқиға туралы айтып берші (суретті көрсетіп)»,* – деп көмектесіңіз. Бала алғашқы екі суреттегі оқиғаны аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп) ашыңыз. Бала 1-ден 4-ке дейінгі суреттерге байланысты әңгімесін аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрініп тұратындай етіп) ашыңыз. Есіңізде болсын, суреттер сынаушыға емес, балаға ғана көрініп тұруы керек. Бала әңгіменің ортасында **үндемей қалған жағдайда:** *«Тағы да барма?», «Жалғастыр», «Маған тағы да көбірек айтып берші», «Қанекей, суреттерде тағы не туралы айтылғанын көрейікші»,* – деген сөздермен көмектесіңіз. Егер бала әңгімесін мүлдем тоқтатса, оған: *«Әңгімені айтып біттің бе?»*, – деп сұраңыз.

Бала аяқталғаннан кейін оны мақтаңыз және түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.

### **Қайталап әңгімелеу бойынша нұсқаулық**

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»*, – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын. Содан соң: *«Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Дайынсың ба? Мен қазір саған бір оқиға айтып беремін, сен оны тыңдап, содан кейін маған қайта айтып беруің керек»*.

1 және 2 суреттерді ашып, балаға: *«Осы жерден әңгіме басталады»* (1-суретті көрсетіңіз). *Бірде, таңертең көңілді бір мысық бұтаға қонып тұрған көбелекті көрді. Мысық көбелекке жету үшін жоғары секірді. Бұл оқиғаны балық аулаудан қайтып келе жатқан көңілді бір бала көріп қалды. Оның қолында балығы бар шелек, доп және қармақ бар болатын.*

3 және 4-суреттерді ашыңыз (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала: *«Мысық, сен нені аулап жүрсің?»* – деп айқайлады. *Сол сәтте көбелек ұшып кетті, ал мысық бұтаға құлап түсті. Бала таң қалғаны соншалық қолындағы допты түсіріп алды. Доп домалап барып суға түсті. Бала допты судан алуға шешім қабылдады. Сол кезде мысық баланың шелегіндегі балықты байқап: «Ням, ням, қандай дәмді! Жегім келеді» - деп ойлады.*

5 және 6-суреттерді ашыңыз (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала қармақпен допты судан шығара бастаған кезде, мысық шелектің қараусыз қалғанын пайдаланып ішінен балықтарды шығара бастады. Бала допты судан шығарып алғанына өте қатты қуанды, ал мысық болса шелектегі балықтарды жеп алғанына қуанышты еді.

*Бұл әңгіменің соңы.*

Суреттерді балаға қаратып қойыңыз, және алғашқы екі сурет тек балаға көрінетіндей болсын. Балаға: *«Ал енді сен маған бір әңгіме айтып бергеніңді қалаймын. Осы суретке қарап, ойыңа келген ең жақсы оқиғаны (әңгімені) айтып берші»*, – деп айтыңыз. Егер бала әңгіме айтқысы келмесе, оған: *«Маған суреттегі оқиға туралы айтып берші (суретті көрсетіп)»*, – деп көмектесіңіз. Бала алғашқы екі суреттегі оқиғаны аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп) ашыңыз. Бала 1-ден 4-ке дейінгі суреттерге байланысты әңгімесін аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрініп тұратындай етіп) ашыңыз. Есіңізде болсын, суреттер сынаушыға емес, балаға ғана көрініп тұруы керек. Бала әңгіменің ортасында **үндемей қалған жағдайда**: *«Тағы да барма?»*, *«Жалғастыр»*, *«Маған тағы да көбірек айтып берші»*, *«Қанекей, суреттерде тағы не туралы айтылғанын көрейікші»*, – деген сөздермен көмектесіңіз. Егер бала әңгімесін мүлдем тоқтатса, оған: *«Әңгімені айтып біттің бе?»*, – деп сұраңыз. Бала аяқталғаннан кейін оны мақтаңыз және түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.

### **Үлгілі әңгіменің нұсқаулығы**

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»*, – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын.

Содан соң: «Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Дайынсың ба? Мен қазір саған бір оқиға айтып беремін, сен оны тыңдап біткеннен соң мен саған бірнеше сұрақ қоямын», – дей аласыз.

Барлық суреттерді қайта жинап содан соң тек қана 1 және 2 суреттерді ашып, балаға: «Осы жерден әңгіме басталады» (1-суретті көрсетіңіз). Бірде, таңертең көңілді бір мысық бұтаға қонып тұрған көбелекті көрді. Мысық көбелекке жету үшін жоғары секірді. Бұл оқиғаны балық аулаудан қайтып келе жатқан көңілді бір бала көріп қалды. Оның қолында балығы бар шелек, доп және қармақ бар болатын.

3 және 4-суреттерді ашыңыз (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала: «Мысық, сен нені аулап жүрсің?» – деп айқайлады. Сол сәтте көбелек ұшып кетті, ал мысық бұтаға құлап түсті. Бала таң қалғаны соншалық қолындағы допты түсіріп алды. Доп домалап барып суға түсті. Бала допты судан алуға шешім қабылдады. Сол кезде мысық баланың шелегіндегі балықты байқап: «Ням, ням, қандай дәмді! Жегім келеді» - деп ойлады.

5 және 6-суреттерді ашыңыз (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала қармақпен допты судан шығара бастаған кезде, мысық шелектің қараусыз қалғанын пайдаланып ішінен балықтарды шығара бастады. Бала допты судан шығарып алғанына өте қатты қуанды, ал мысық болса шелектегі балықтарды жеп алғанына қуанышты еді.

Бұл әңгіменің соңы.

Бала аяқталғаннан кейін оны мақтаңыз және түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.



## «Мысық» өніміне арналған хаттама

### I Бөлім: Өнім

А: Өңгіменің құрылымы; В: Құрылымның күрделілігі;

С: Психикалық көңіл-күйдің сипаттамасы (ПКС)

#### А: Өңгіменің құрылымы (сандық бағалау)

		<b>Мүмкін болған жауаптар<sup>1</sup></b>	<b>Ұпайлар</b>
<b>A1.</b>	Кіріспе	Уақыт / орынды анықтау, мысалы, ұзақ уақыт бұрын / бір рет / бір уақыттары орманда / көлде / ағашта / өзеннің жағасында	0 1 2 <sup>2</sup>
<i>1-эпизод: Мысық (эпизод кейіпкерлері: мысық пен көбелек)</i>			
<b>A2.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	<b>Мысық</b> көңілді еді / оған қызықты болды <b>Мысық</b> көбелекті көріп қалды	0 1
<b>A3.</b>	Мақсат	<b>Мысық</b> көбелекті ұстап алғысы келді/ауламақшы болды/ қумақшы болды/көбелекпен ойнағысы келді	0 1
<b>A4.</b>	Әрекет	<b>Мысық</b> алдына/көбелекке қарай секірді <b>Мысық</b> +етістік (ұстау, қуу, алу)+ға әрекет жасады	0 1
<b>A5.</b>	Нәтиже	<b>Мысық</b> бұтаға құлап түсті/көбелекті ұстай алмады /үлгермеді <b>Көбелек</b> қашып құтылды/ұшып кетті / ұшып кете алды	0 1
<b>A6.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Мысық</b> қапаланды / ашуланды / ауыр тиді <b>Көбелек</b> бақытты еді / көңілі толды / риза болды	0 1
<i>2-эпизод: Бала (эпизод кейіпкері: бала)</i>			
<b>A7.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	Баланың көңіл-күйі жоқ болатын/ оның көңілі толмады / добына қайғырды /өзінің добын суда жатқанын көрді/ қапаланды	0 1
<b>A8.</b>	Мақсат	<b>Бала</b> өз добын алуды шешті/қалады	0 1
<b>A9.</b>	Әрекет	<b>Бала</b> допты судан алуға әрекет жасады, шығарып/ тартып жатты	0 1
<b>A10.</b>	Нәтиже	<b>Бала</b> допты шығарып алды / доп қайта / қайтадан қауіпсіз жерде болды	0 1
<b>A11.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Бала</b> риза/ бақытты болды / ол қуанды	0 1
<i>3-эпизод: Мысық (эпизод кейіпкері: мысық)</i>			
<b>A12.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	<b>Мысық</b> балықты байқады / көрді / оның қарны аш болған / болатын, оған қызықты болды	0 1
<b>A13.</b>	Мақсат	<b>Мысық</b> балықты аулауды / алуды қалады / балықты жегісі келді	0 1
<b>A14.</b>	Әрекет	<b>Мысық</b> балықты алды/ ұрлады / балыққа алдыңғы аяғын созды	0 1
<b>A15.</b>	Нәтиже	<b>Мысық</b> балықты жеп қойды / ұстап алды	0 1

<sup>1</sup> Күмән болған жағдайда немесе баланың жауабы осы парақта жазылмаған жағдайда, нұсқаулыққа қараңыз.

<sup>2</sup> Қате немесе жауапсыз қалған жағдайда нөл ұпай, бір дұрыс жауап үшін 1 ұпай, уақыт пен орынға сілтеме үшін 2 ұпай.

<b>A16.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Мысық</b> қуанды/ қанағаттандырылды / оның қарны тойды	0	1
<b>A17.</b>	<b>Барлық ұпайлар саны 17:</b>			

### В: Құрылымның күрделілігі

Секвенциялар саны <b>Әрекет + нәтиже</b>	<b>Мақсаттар</b> саны ( <i>Әрекет немесе нәтижесіз</i> )	Секвенциялар саны <b>мақсат + әрекет</b> немесе <b>мақсат + нәтиже</b>	Секвенциялар саны <b>мақсат + әрекет + нәтиже</b>
В1.	В2.	В3.	В4.

### С: Психикалық күйдің сипаттамасы (ПКС)

С1.	<p>ПКС жалпы саны (сөзді пайдалануы). ПКС құрамына мыналар кіреді:</p> <p><b>Қабылдауды анықтау</b>, мысалы, <i>көру, есту, сезу, иіскеу</i>;</p> <p><b>Физиологиялық жағдайларды анықтау</b>, мысалы, <i>аш болу, шөлдеу, шаршаңқы болу, жарақаттанған болу</i>;</p> <p><b>Етістіктер</b> өмір сүру, ояну, ұйықтау;</p> <p><b>Эмоциялардың анықтамасы</b>, мысалы, <i>қайғылы, бақытты, ашуланған, қобалжулы, алаңдаулы, қапалы</i>;</p> <p><b>Психикалық (ментальды) етістіктер</b>, мысалы, <i>қалау, ойлау, білу, ұмыту, шешу, сену, таң қалу, жоспарлау</i>;</p> <p><b>Сөйлеу етістіктері</b>, мысалы, <i>айту, атау, айқайлау, ескерту, сұрау</i>.</p>
-----	--

## II Бөлім: Перцепция

		<b>Дұрыс жауаптардың нұсқалары</b>	<b>Дұрыс емес жауаптардың нұсқалары</b>	<b>Ұпайлар</b>
<b>0</b>	Саған әңгіме ұнады ма?	<b>Сергіту үшін сұрақ, ұпай қойылмайды</b>		
<b>D1.</b>	Мысық неліктен секірді? (G1) (бала №1-2 суреттерге қарайды)	көбелекті ұстап алуды қалайды	ойнағысы/жүгір-гісі келді	0 1
<b>D2.</b>	Мысық өзін қалай сезінеді? (бала 3-суретке қарайды)	нашар/ жаман/ ренжулі/ өкпелі/ бір түрлі	жақсы/ ол қуанышты/ оған қызық/ немесе басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D3.</b>	(Бала D2-ге жауап бергенде ғана D3 сұрағын қойыңыз, егер бала D2-де жауап берсе, D3-бағанына бір ұпай қойып, D4 сұрағына көшіңіз). Сен қалай ойлайсың, неліктен мысық ашуланды / аш болды / тырналды / жараланған? <sup>3</sup>	себебі көбелектің артынан құды/ көбелек қашып кетті	өйткені бұталарға секірді/ немесе басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D4.</b>	Неліктен балақай қармақты суға созды? (G2) (бала № 5-суретке қарайды)	Өзінің добын судан шығарғысы келді	Суда ойнағысы келді/ немесе басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D5.</b>	Бала өзін қалай сезінеді? (бала № 6-суретке қарайды)	жақсы/ ол қуанышты	нашар/ ол ашулы/ немесе басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D6.</b>	(Бұл D6 сұрағын тек бала D5 сұрағына түсініктемесіз жауап берген кезде ғана қойыңыз. Егер бала D5-те түсіндірме берсе, оған D6 бағанында бір ұпай қойып, D7 сұрағына көшіңіз). Сен неге бала өзін жақсы сезінеді / ол бақытты деп ойлайсың ? <sup>4</sup>	өйткені ол допты ұстап тұр	Ол күліп тұр/ немесе басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D7.</b>	Неліктен мысық балықты алды? (G3) (бала № 5-суретке қарап тұр)	Балықты жегісі келді	Шелекпен ойнағысы келді	0 1

<sup>3</sup> D3 сұрағын қойған кезде, D2 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

<sup>4</sup> D6 сұрағын қойған кезде, D5 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

<b>D8.</b>	Бала мысықты байқап қалды деп елестетіп көрші. Ол өзін қалай сезінеді? (бала №6-суретке қарап тұр)	нашар/ ол ашуланады/ ренжиді	жақсы/ ол қуанышты / бақытты болады	0 1
<b>D9.</b>	(Бұл D9 сұрағын тек бала D8 сұрағына түсініктемесіз жауап берген кезде ғана қойыңыз. Егер бала D8-те түсіндірме берсе, оған D9 бағанында бір ұпай қойып, D10 сұрағына көшіңіз). Сенің ойыңша, неге бала өзін жаман сезінеді / ол ашулы? <sup>5</sup>	Себебі мысық балықты алды / жеп жатыр	Себебі ол шаршады/ себебі қармақ жерде жатыр	0 1
<b>D10.</b>	Сол бала мен мысық дос бола ала ма? Неге?	Жоқ (бала кем дегенде бір себебін айтуы керек (мысалыға, мысық балықты жеп қойды) немесе сұраққа жеткілікті жауап беруі тиіс.	Ия/ мен білмеймін/ сұраққа түсініксіз жауап	0 1
<b>D11.</b>	<b>Барлық ұпайлар саны 10:</b>			

<sup>5</sup> D9 сұрағын қойған кезде, D8 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

## «ИТ» әңгімесі үшін хаттама

Әңгімелеу / Қайта әңгімелеу / әңгіменің үлгісі

Баланың аты: \_\_\_\_\_  
Туған күні: \_\_\_\_\_  
Тестілеу күні: \_\_\_\_\_  
Сынақ күніндегі жасы: \_\_\_\_\_  
Жынысы: \_\_\_\_\_  
Тәжірибешінің аты: \_\_\_\_\_  
Екінші тілмен байланысу ұзақтығы (аймен): \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне түскен күні: \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің атауы: \_\_\_\_\_

Барлық материалдарды алдын ала дайындаңыз: диктофон және суреттер бар конверттер. Олардың тестілеу алдында үстелде тұрғанына көз жеткізіңіз. Тәжірибенің дайындық бөлімінен бастап диктофонға жазуды бастаңыз.

### Сергіту сәті – дайындық бөлімі

Баламен байланыс орнату мақсатында онымен әртүрлі тақырыптарда әңгімелесіңіз: мысалы, *Сенің ең жақын досың кім? Сен теледидардан не көруді ұнатасың? Саған әңгіме айту ұнай ма? Әртүрлі әңгімелерді тыңдағанды ұнатасың ба?*

### Нұсқаулар

#### Әңгімелеу барысына арналған нұсқаулық

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»,* – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын. Содан соң: *«Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Бірақ оларды маған көрсетпе. Тек қана сенің көруіңе болады. Дайынсың ба?»*, – дей аласыз.

Суреттерді балаға қаратып қойыңыз, және алғашқы екі сурет тек балаға көрінетіндей болсын. Балаға: *«Ал енді сен маған бір әңгіме айтып бергеніңді қалаймын. Осы суретке қарап, ойыңа келген ең жақсы оқиғаны (әңгімені) айтып берші»,* – деп айтыңыз. Егер бала әңгіме айтқысы келмесе, оған: *«Маған суреттегі оқиға туралы айтып берші (суретті көрсетіп)»,* – деп көмектесіңіз. Бала алғашқы екі суреттегі оқиғаны аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп) ашыңыз. Бала 1-ден 4-ке дейінгі суреттерге байланысты әңгімесін аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрініп тұратындай етіп) ашыңыз. Есіңізде болсын, суреттер сынаушыға емес, балаға ғана көрініп тұруы керек. Бала әңгіменің ортасында **үндемей қалған жағдайда:** *«Тағы да барма?», «Жалғастыр», «Маған тағы да көбірек айтып берші», «Қанекей, суреттерде тағы не туралы айтылғанын көрейікші»,* – деген сөздермен көмектесіңіз. Егер бала әңгімесін мүлдем тоқтатса, оған: *«Әңгімені айтып біттің бе?»*, – деп сұраңыз.

Бала аяқталғаннан кейін оны мақтаңыз және түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.

### Қайталап әңгімелеу бойынша нұсқаулық

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»*, – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын. Содан соң: *«Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Дайынсың ба? Мен қазір саған бір оқиға айтып беремін, сен оны тыңдап, содан кейін маған қайта айтып беруің керек»*.

1 және 2 суреттерді ашып, балаға: *«Осы жерден әңгіме басталады»* (1-суретті көрсетіңіз). *Бірде, таңертең, көңілді бір ит ағаштың тасасында отырған тышқанды көрді. Ит тышқанға жету үшін жылдам секірді. Бұл оқиғаны дүкеннен қайтып келе жатқан көңілді бір бала көріп қалды. Оның қолында шұжығы бар пакет және шар бар болатын.*

3 және 4-суреттерді ашыңыз (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала: *«Ит, сен нені аулап жүрсің?»* - деп айқайлады. *Сол сәтте тышқан қашып кетіп, ит ағашқа соғылды. Бала таң қалғаны соншалық қолындағы шарды қолынан шығарып алды. Шар ұшып ағашқа ілініп қалды. Бала шарды ағаштан алуға шешім қабылдады. Сол кезде ит баланың пакетіндегі шұжықтарды байқап: «Ммм, қандай дәмді! Жегім келеді» - деп ойлады.*

5 және 6-суреттерді ашыңыз (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала шарды алу үшін ағашқа өрмелеп шықты. Дәл сол кезде ит пакеттің қараусыз қалғанын пайдаланып ішінен шұжықтарды шығара бастады. Бала шарды ағаштан түсіріп алғанына өте қатты қуанды, ал ит болса ит осындай дәмді шұжықты жегеніне өте риза болды.

*Бұл оқиғаның соңы.*

Суреттерді балаға қаратып қойыңыз, және алғашқы екі сурет тек балаға көрінетіндей болсын. Балаға: *«Ал енді сен маған бір әңгіме айтып бергеніңді қалаймын. Осы суретке қарап, ойыңа келген ең жақсы оқиғаны (әңгімені) айтып берші»*, – деп айтыңыз. Егер бала әңгіме айтқысы келмесе, оған: *«Маған суреттегі оқиға туралы айтып берші (суретті көрсетіп)»*, – деп көмектесіңіз. Бала алғашқы екі суреттегі оқиғаны аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп) ашыңыз. Бала 1-ден 4-ке дейінгі суреттерге байланысты әңгімесін аяқтаған кезде келесі екі суретті (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрініп тұратындай етіп) ашыңыз. Есіңізде болсын, суреттер сынаушыға емес, балаға ғана көрініп тұруы керек. Бала әңгіменің ортасында **үндемей қалған жағдайда**: *«Тағы да барма?»*, *«Жалғастыр»*, *«Маған тағы да көбірек айтып берші»*, *«Қанекей, суреттерде тағы не туралы айтылғанын көрейікші»*, – деген сөздермен көмектесіңіз. Егер бала әңгімесін мүлдем тоқтатса, оған: *«Әңгімені айтып біттің бе?»*, – деп сұраңыз. Бала аяқталғаннан кейін оны мақтаңыз және түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.

### Үлгілі әңгіменің нұсқаулығы

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда, содан кейін маған бір қызықты оқиға айтып бергеніңді қалаймын»*, – деп айтыңыз. Бала конвертті таңдағаннан кейін, конверттің ішіндегі суреттелген оқиғаны алыңыз және суреттерді балаға қаратып қойыңыз, суреттің толық тізбегі **тек балаға ғана** көрінетін болсын.

Содан соң: «Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Дайынсың ба? Мен қазір саған бір оқиға айтып беремін, сен оны тыңдап біткеннен соң мен саған бірнеше сұрақ қоямын», – дей аласыз.

Барлық суреттерді қайта жинап содан соң тек қана 1 және 2 суреттерді ашып, балаға: «Осы жерден әңгіме басталады» (1-суретті көрсетіңіз). Бірде, таңертең, көңілді бір ит ағаштың тасасында отырған тышқанды көрді. Ит тышқанға жету үшін жылдам секірді. Бұл оқиғаны дүкеннен қайтып келе жатқан көңілді бір бала көріп қалды. Оның қолында шұжығы бар пакет және шар бар болатын.

3 және 4-суреттерді ашыңыз (1-ден 4-ке дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала: «Ит, сен нені аулап жүрсің?» - деп айқайлады. Сол сәтте тышқан қашып кетіп, ит ағашқа соғылды. Бала таң қалғаны соншалық қолындағы шарды қолынан шығарып алды. Шар ұшып ағашқа ілініп қалды. Бала шарды ағаштан алуға шешім қабылдады. Сол кезде ит баланың пакетіндегі шұжықтарды байқап: «Ммм, қандай дәмді! Жегім келеді» - деп ойлады.

5 және 6-суреттерді ашыңыз (1-ден 6-ға дейінгі барлық суреттер көрінетіндей етіп). Бала шарды алу үшін ағашқа өрмелеп шықты. Дәл сол кезде ит пакеттің қараусыз қалғанын пайдаланып ішінен шұжықтарды шығара бастады. Бала шарды ағаштан түсіріп алғанына өте қатты қуанды, ал ит болса ит осындай дәмді шұжықты жегеніне өте риза болды.

*Бұл оқиғаның соңы.*

Сіз әңгімені аяқтағаннан кейін балаға: «Бұл оқиғаның соңы»-, деп, баланың түсінігін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.

## «Ит» өніміне арналған хаттама

### I Бөлім: Өнім

А: Өңгіменің құрылымы; В: Құрылымның күрделілігі;

С: Психикалық көңіл-күйдің сипаттамасы (ПКС)

#### А: Өңгіменің құрылымы (сандық бағалау)

		<b>Мүмкін болған жауаптар<sup>6</sup></b>	<b>Ұпайлар</b>
<b>A1.</b>	Кіріспе	Уақыт / орынды анықтау, мысалы, ұзақ уақыт бұрын / бір рет / бір уақыттары орманда / саябақта / көгалда / жолдың бойында	0 1 2 <sup>7</sup>
<i>1-эпизод: Ит (эпизод кейіпкерлері: ит пен тышқан)</i>			
<b>A2.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	<b>Ит</b> көңілді / әуесқой еді <b>Ит</b> тышқанды көріп қалды	0 1
<b>A3.</b>	Мақсат	<b>Ит</b> тышқанды ұстап алғысы келді/ауламақшы болды/қумақшы болды/тышқанмен ойнағысы келді	0 1
<b>A4.</b>	Әрекет	<b>Ит</b> алдына/жоғарыға қарай секірді	0 1
<b>A5.</b>	Нәтиже	<b>Ит</b> ағашқа соғылды/тышқанды ұстай алмады /үлгермеді <b>Тышқан</b> қашып құтылды/ағаштың артына тығылды	0 1
<b>A6.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Ит</b> қапаланды / ашуланды / ауыр тиді <b>Тышқан</b> бақытты еді / көңілі толды / риза болды	0 1
<i>2-эпизод: Бала (эпизод кейіпкері: бала)</i>			
<b>A7.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	<b>Баланың</b> көңіл-күйі жоқ болатын/ оның көңілі толмады / шарына қайғырды /өзінің шарын ағашта қорді	0 1
<b>A8.</b>	Мақсат	<b>Бала</b> өз шарын алуды шешті/қалады	0 1
<b>A9.</b>	Әрекет	<b>Бала</b> шарды ағаштан алуға тырысты/ ағашқа секірді	0 1
<b>A10.</b>	Нәтиже	<b>Бала</b> өзінің шарын ағаштан түсіріп алды / шар қайта / қайтадан қауіпсіз жерде еді	0 1
<b>A11.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Бала</b> риза/ бақытты болды / ол қуанды, себебі ол өзінің шарын ағаштан түсіріп алған болатын.	0 1
<i>3-эпизод: Ит (эпизод кейіпкері: ит)</i>			
<b>A12.</b>	ПКС іс-әрекеттің басталуы	<b>Ит</b> байқады / көрді / ол аш / әуесқой болатын	0 1
<b>A13.</b>	Мақсат	<b>Ит</b> шұжықтарды алуды / жеуді / қалады / ұрлауға шешім қабылдады	0 1

<sup>6</sup> Күмән болған жағдайда немесе баланың жауабы осы парақта жазылмаған жағдайда, нұсқаулыққа қараңыз.

<sup>7</sup> Қате немесе жауапсыз қалған жағдайда нөл ұпай, бір дұрыс жауап үшін 1 ұпай, уақыт пен орынға сілтеме үшін 2 ұпай.



<b>A14.</b>	Әрекет	<b>Ит</b> шұжықтарды алып жатты/ шұжықтарға қолын созды	0	1
<b>A15.</b>	Нәтиже	<b>Ит</b> шұжықтарды алды/ жеп қойды	0	1
<b>A16.</b>	ПКС реакция ретінде	<b>Ит</b> бақытты еді/ қанағаттандырылды / оның қарны тойды	0	1
<b>A17.</b>	<b>Барлық ұпайлар саны 17:</b>			

### В: Құрылымның күрделілігі

Секвенциялар саны <b>Әрекет + нәтиже</b>	<b>Мақсаттар</b> саны ( <i>Әрекет немесе нәтижесіз</i> )	Секвенциялар саны <b>мақсат + әрекет</b> немесе <b>мақсат + нәтиже</b>	Секвенциялар саны <b>мақсат + әрекет + нәтиже</b>
В1.	В2.	В3.	В4.

### С: Психикалық күйдің сипаттамасы (ПКС)

С1.	<p>ПКС жалпы саны (сөзді пайдалануы). ПКС құрамына мыналар кіреді:</p> <p><b>Қабылдауды анықтау</b>, мысалы, <i>көру, есту, сезу, иіскеу;</i></p> <p><b>Физиологиялық жағдайларды анықтау</b>, мысалы, <i>аш болу, шөлдеу, шаршаңқы болу, жарақаттанған болу;</i></p> <p><b>Етістіктер</b> өмір сүру, ояну, ұйықтау;</p> <p><b>Эмоциялардың анықтамасы</b>, мысалы, <i>қайғылы, бақытты, ашуланған, қобалжулы, алаңдаулы, қапалы;</i></p> <p><b>Психикалық (ментальды) етістіктер</b>, мысалы, <i>қалау, ойлау, білу, ұмыту, шешу, сену, таң қалу, жоспарлау;</i></p> <p><b>Сөйлеу етістіктері</b>, мысалы, <i>айту, атау, айқайлау, ескерту, сұрау.</i></p>
-----	--

## II Бөлім: Перцепция

		<b>Дұрыс жауаптардың нұсқалары</b>	<b>Дұрыс емес жауаптардың нұсқалары</b>	<b>Ұпайлар</b>
<b>0</b>	Саған әңгіме ұнады ма?	<b>Сергіту үшін сұрақ, ұпай қойылмайды</b>		
<b>D1.</b>	Ит неліктен секірді? (бала №1-2 суреттерге қарайды) (1 эпизод: Мақсат)	Тышқанды байқап қалды/ тышқанды ұстап алуды қалайды	Ойнағысы/жүгіргісі келді	0 1
<b>D2.</b>	Ит өзін қалай сезінеді? (бала 3-суретке қарайды) (ПКС реакция)	жақсы/ ол қуанышты/ ол бақытты	жүгіріп жүр	0 1
<b>D3.</b>	(Бала D2-ге жауап бергенде ғана D3 сұрағын қойыңыз, егер бала D2-де жауап берсе, D3-бағанына бір ұпай қойып, D4 сұрағына көшіңіз). Сенің ойыңша ит неліктен өзін жаман сезінеді..? <sup>8</sup>	...себебі тышқанды ұстап алғысы келеді	Кез келген басқа орынсыз жауап	0 1
<b>D4.</b>	Неліктен балақай ағашқа секірді? (бала № 5-суретке қарайды) (2 эпизод: Мақсат)	өзінің шарын ағаштан алғысы келді	ағашқа өрмелеп шыққысы келеді	0 1
<b>D5.</b>	Бала өзін қалай сезінеді? (бала № 6-суретке қарайды) (ПКС реакция)	жақсы/ ол қуанышты/ ол бақытты	нашар/ ол ашулы	0 1
<b>D6.</b>	(Бұл D6 сұрағын тек бала D5 сұрағына түсініктемесіз жауап берген кезде ғана қойыңыз. Егер бала D5-те түсіндірме берсе, оған D6 бағанында бір ұпай қойып, D7 сұрағына көшіңіз). Сен неліктен бала өзін жақсы сезінеді / ол бақытты деп ойлайсың? <sup>9</sup>	...өйткені ол шарды қолында ұстап тұр	өйткені ол бір орында тұр	0 1
<b>D7.</b>	Ит неліктен шұжықтарды пакеттен шығарды? (3 эпизод: Мақсат)	шұжықтарды жегісі келеді	пакетпен ойнағысы келді	0 1

<sup>8</sup> D3 сұрағын қойған кезде, D2 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

<sup>9</sup> D6 сұрағын қойған кезде, D5 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

<b>D8.</b>	Бала итті байқап қалды деп елестетіп көрші. (а) Бала өзін қалай сезінеді? (бала №6-суретке қарап тұр)	нашар/ ол ашулы	жақсы/ ол қуанышты / бақытты	0 1
<b>D9.</b>	(Бұл D9 сұрағын тек бала D8 сұрағына түсініктемесіз жауап берген кезде ғана қойыңыз. Егер бала D8-те түсіндірме берсе, оған D9 бағанында бір ұпай қойып, D10 сұрағына көшіңіз). Сенің ойыңша, неге бала өзін жаман сезінеді / ол ашулы ? <sup>10</sup>	...себебі ит оның шұжықтарын алды / жеп жатыр	...себебі ол шаршады/ себебі дүкен алыста	
<b>D10.</b>	Сол бала мен ит дос бола ала ма? Неге?	Жоқ (бала кем дегенде бір себебін айтуы керек (мысалыға, мысық балықты жеп қойды) немесе сұраққа жеткілікті жауап беруі тиіс.	Ия/ мен білмеймін/ сұраққа түсініксіз жауап	0 1
<b>D11.</b>	<b>Барлық ұпайлар саны 10:</b>			

<sup>10</sup> D9 сұрағын қойған кезде, D8 жауабында баланың айтқан сөздерін / сөз тіркестерін пайдаланыңыз.

**«Балапандар» әңгімесі үшін хаттама**  
Әңгімелеу / Қайта әңгімелеу / әңгіменің үлгісі

Баланың аты: \_\_\_\_\_  
Туған күні: \_\_\_\_\_  
Тестілеу күні: \_\_\_\_\_  
Сынақ күніндегі жасы: \_\_\_\_\_  
Жынысы: \_\_\_\_\_  
Тәжірибешінің аты: \_\_\_\_\_  
Екінші тілмен байланысу ұзақтығы (аймен): \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне түскен күні: \_\_\_\_\_  
Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің атауы: \_\_\_\_\_

Барлық материалдарды алдын ала дайындаңыз: диктофон және суреттер бар конверттер. Олардың тестілеу алдында үстелде тұрғанына көз жеткізіңіз. Тәжірибенің дайындық бөлімінен бастап диктофонға жазуды бастаңыз.

**Сергіту сәті – дайындық бөлімі**

Баламен байланыс орнату мақсатында онымен әртүрлі тақырыптарда әңгімелесіңіз: мысалы, *Сенің ең жақын досың кім? Сен теледидардан не көруді ұнатасың? Саған әңгіме айту ұнай ма? Әртүрлі әңгімелерді тыңдағанды ұнатасың ба?*

**Нұсқаулар**

**Әңгімелеу барысына арналған нұсқаулық**

Баламен қарама-қарсы отырыңыз. Балаға: *«Қара, мына жерде 3 конверт бар. Әр конвертте бір қызықты оқиға бар. Өзіңе ұнаған біреуін таңда. Ал енді сен маған бір әңгіме айтып бергеніңді қалаймын. Осы суреттерге қарап, ойыңа келген ең жақсы оқиғаны (әңгімені) айтып берші»,* – деп әңгімені бастауына көмектесіңіз. Суреттерді балаға қаратып қойыңыз, сол кезде барлық суреттердің тізбегі тек қана балаға көрінетіндей болсын. Содан соң баладан: *«Суреттерді мұқият қарап шықтың ба? Дайынсың ба?»*, – деп сұраңыз.

